



№53 (5560),
12 мамыр, сенбі, 2018 жыл.
almaty-akshamy.kz E-mail: almaty-aksham@mail.ru

БІЛІКТІЛІК КУРСЫНАН ӨТТІК



Қазақстан республикасы білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігіне арттыратын республикалық «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалында, үстіміздегі жылдың 23 сәуір – 4 мамыр аралығында «Білім беру мазмұнын реформалау жағдайында шағын жинақталған мектептің білім беру процесін ұйымдастыру» тақырыбында өткен орта білім беру ұйымдарының директорларына арналған курсқа қатыстық.

Онда қазақ және орыс тілдерінде оқытатын шағын жинақталған мектеп директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының бағдарламасымен таныстық.

Бағдарламаның мақсаты – білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында шағын жинақталған мектеп директорларының кәсіби басқарушылық құзыреттіліктері дағдыларын жетілдіру және нәтижеге бағытталған білім беру процесін ұйымдастырудағы заманауи формалар мен әдістерді меңгеру.

Онда курс жетекшісі Ғалым Іркітбай білім беруді модернизациялау жағдайында оқытудың құралдары мен әдістері, жаңа интеграциялық формалар мен шағын жинақталған мектептердің білім беру үдерісін басқару саласындағы білімдерін және дағдыларын кеңейту; шағын жинақталған мектептің педагогикалық ұжымның командалық жұмысты

тиімді ұйымдастыру мақсатында ынталандыруды жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру және тағы басқа жаңа әдіс-тәсілдер туралы мағлұматтар берді.

Нәтижесінде басшы-көшбасшы қызметінің мазмұнын; стратегиялық және тактикалық жоспарлаудың басқару негіздерін, мектепті басқарудың АКТ-стратегиясын, шағын жинақталған мектептегі әр түрлі жастағы оқуды ұйымдастырудың әдістемелік мәселелерін, шағын жинақталған мектептің білім беру процесінде арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін оқытуды, оның қызметіне қойылатын қазіргі заманғы тәсілдерді, тіп мен пәнді кіріктіре оқыту CLIL (Content and Language Integrated Learning – Контент энд Лангуидж Интегрейтивд Ленинг, оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалауды, мектептегі ғылыми-зерттеу практикасын білдік. Сабақ жоспарының құрылымын, электронды портфолионы, ақпараттық бейнелі түрде ұсынуды, шағын жинақталған мектептерде оқушыларының оқу процесін дараландыруды, таңдалған форма, модель заңдылықтары негізінде оң нәтижелерге қол жеткізу жолдарын, ШЖМ жоспарлау және басқару нәтижелерін құру дағдыларын меңгердік.

Нұрбол ИБРАЕВ,
Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы,
Н.Крупская атындағы негізгі
орта мектебінің директоры.